

Жеке және заңды тұлғалардың телекоммуникациялар саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдардағы акцияларды, үлестерді, пайларды меншікке сатып алуын келісу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 қазандағы N 1085 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 266 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.04.2024 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жеке және заңды тұлғалардың телекоммуникациялар саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдардағы акцияларды, үлестерді, пайларды меншікке сатып алуын келісу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 21 қазандағы
N 1085 қаулысымен
бекітілген

Жеке және заңды тұлғалардың телекоммуникациялар саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдардағы акцияларды, үлестерді, пайларды меншікке сатып алуын келісу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Жеке және заңды тұлғалардың телекоммуникациялар саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдардағы акцияларды, үлестерді, пайларды меншікке сатып алуын келісу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан

Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 22-1-бабының негізінде және "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереженің мақсаты жеке және заңды тұлғалардың телекоммуникациялар саласындағы қызметті жүзеге асыратын және қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары болып табылатын ұйымдардағы акцияларды, үлестерді, пайларды сатып алу туралы өтініштерін ұсынуының және оларды уәкілетті органның қарауының бірыңғай тәртібін айқындау болып табылады.

3. Ережеде пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер:

1) байланыс жолдарының иесі - жер үсті кәбілдік, талшықты-оптикалық, радиорелелік немесе шетел мемлекеттерінің байланыс желілерімен тоғысатын өзге де тіркелген магистральдық байланыс жолдарын иеленетін заңды тұлға;

2) тұлғалар тобы - телекоммуникациялар саласындағы қызметті жүзеге асыратын және қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары болып табылатын ұйымдардың акцияларын, үлестерін, пайларын меншікке алу құқығын келісімнің негізінде бірлесіп иеленетін не сатып алатын заңды, заңды және жеке немесе жеке тұлғалардың жиынтығы;

3) мүдделі тұлға - телекоммуникациялар саласындағы қызметті жүзеге асыратын және қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары болып табылатын ұйымдардың он пайыздан астам акцияларын, үлестерін, пайларын меншікке сатып алуға немесе басқаша жолмен алуға ниет еткен жеке және заңды тұлға;

4) ұлттық қауіпсіздік органдары - Ұлттық қауіпсіздік комитеті және оның ведомстволары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен белгіленетін өзге де органдар;

5) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы - қалааралық және халықаралық байланыс жолдарын, қалааралық және халықаралық коммутациялық станцияларды иеленетін және (немесе) пайдаланатын және трафик транзиті және басқа байланыс операторларына желілік ресурстарды беру бойынша қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметін көрсететін тіркелген байланыс операторы;

6) уәкілетті орган - телекоммуникациялар саласындағы қызметті жүзеге асыратын және қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары болып табылатын ұйымдардағы акцияларды, үлестерді, пайларды сатып алу туралы мүдделі адамдардың өтініштерін қарауға уәкілетті Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік орган;

7) өтініш - телекоммуникациялар саласындағы қызметті жүзеге асыратын және қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары болып

табылатын ұйымдардың акцияларын, үлестерін, пайларын меншікке сатып алу немесе өзге де жолмен алу жөнінде мәміле жасасуды келісу мақсатында уәкілетті органға жіберілетін жеке немесе заңды тұлғаның өтініші.

4. Осы Ереженің әрекеті Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына, сондай-ақ жеке дара немесе адамдар тобының құрамында бірлесе отырып, қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының 10 пайыздан астам дауыс беру акцияларын, үлестерін, пайларын меншікке сатып алу немесе өзге де жолмен алу бойынша мәмілені жүзеге асыруға ниет білдіретін шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға және шетелдік заңды тұлғаларға қолданылады.

Осы Ереженің әрекеті мүдделі адамдардың қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс қызметтерін көрсетпейтін, бірақ байланыс жолдарының иесі болып табылатын субъектінің акцияларын, үлестерін, пайларын сатып алуы жағдайларында да қолданылады.

5. Ереже:

мүдделі адамдардың дауыс бермейтін акцияларды, сондай-ақ қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы органдарында дауыс беру құқығын бермейтін өзге де бағалы қағаздарды сатып алуы;

егер бұл мәмілелер мүдделі адамға осындай операторды басқаруға құқық бермейтін жағдайда, мүдделі адамдардың қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының мүлкімен өзге де мәмілелер жасасу;

мүдделі адамның Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес немесе сот шешімінің негізінде акцияларға, үлестерге, пайларға құқықтарын сатып алу жағдайларында қолданылмайды.

2. Акцияларды, үлестерді және пайларды сатып алуды келісу үшін негіздемелер

6. Мүдделі тұлғалар жасаған акциялардың, үлестердің, пайлардың меншік құқығына өтуімен байланысты мәмілелер қалааралық және халықаралық байланыс операторларының акцияларды, үлестерді, пайларды сатып алуын келісу үшін негіздемелер болып табылады.

7. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының акцияларын, үлестерін, пайларын сатып алу жөніндегі мәмілелерді келісу үшін мүдделі тұлға уәкілетті органға осы Ережеге қосымшада белгіленген нысан бойынша өтініш жібереді.

8. Өтінішті мүдделі тұлға уәкілетті орган шешім қабылдау үшін қажетті құжаттардың куәландырылған көшірмелерімен қоса уәкілетті органға жібереді.

Уәкілетті орган өтінішті қарау нәтижелері бойынша қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының немесе байланыс жолы иесінің

акцияларын, үлестерін, пайларын сатып алу жөніндегі мәмілемен келісетіні немесе келіспейтіні туралы шешім қабылдауға құқылы.

9. Осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген мәмілелерді келісу олардың жасалу сәтіне дейін жүргізілуі тиіс.

10. Мүдделі тұлғалардың уәкілетті органның келісімінсіз жасаған мәмілелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңсыз деп танылады.

3. Акцияларды, үлестерді, пайларды сатып алу жөніндегі мәмілелерді келісу туралы өтініштерді ұсыну және қарау тәртібі мен мерзімдері

11. Мүдделі тұлғалар ұсынған өтініштерді уәкілетті орган құжаттар келіп түскен күннен бастап 30 күн мерзімде қарауы тиіс. Уәкілетті органның осы Ережеге сәйкес өтінішті қарау үшін қажетті құжаттардың толық пакетін алған күні құжаттар келіп түскен күн болып саналады.

Уәкілетті органға өтінішпен бірге ұсынылатын құжаттар (ақпарат) толық және дұрыс болуы тиіс.

12. Өтінішке міндетті түрде мыналар қоса беріледі:

егер акцияларды, үлестерді, пайларды сатып алуды адамдар тобы жүзеге асыратын болса, мүдделі тұлғаның немесе адамдар тобының құрылтайшы құжаттарының куәландырылған (заңдастырылған) көшірмелері;

акцияларды, үлестерді, пайларды сатып алуды жүзеге асыратын мүдделі тұлғаның үлестес адамдары туралы мәліметтер. Егер сатып алуды адамдар тобы жүзеге асыратын жағдайда, үлестес адамдар туралы мәліметтер әрбір субъект үшін жеке ұсынылуы тиіс;

өтінішті ұсыну сәтінде қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының, байланыс операторларының, сондай-ақ байланыс жолдары иелерінің жарғылық капиталындағы (мүлкіндегі) мүдделі тұлғаға тиесілі акциялар, үлестер, пайлар туралы мәліметтер;

қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының немесе байланыс жолдары иелерінің жарғылық капиталындағы (мүлкіндегі) сатылып алынатын акциялардың, үлестердің, пайлардың саны (мөлшері) және құны туралы ақпарат;

шарттың жобасы немесе олардың негізінде акцияларды, үлестерді, пайларды сатып алу бойынша мәмілелер жасалатын өзге де құжаттар;

Уәкілетті органға ұсынылатын барлық ақпарат мүдделі тұлға басшысының қолымен куәландырылуы тиіс.

13. Мүдделі тұлға өтінішті ұсыну кезінде осы Ереженің 12-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерге қоса, оның пікірі бойынша уәкілетті

орган шешім қабылдау үшін маңызды болуы мүмкін кез-келген ақпаратты уәкілетті органға ұсынуға құқылы.

14. Уәкілетті органға ұсынылған құжаттар мен мәліметтерде мүдделі тұлғаның коммерциялық , қызметтік және заңнамамен қорғалатын өзге де құпияларының болуы уәкілетті органға оларды беруден бас тартуға негіз бола алмайды.

Мүдделі тұлға өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды ұсыну кезінде осындай мәліметтердің тізбесін айқындайтын мүдделі адамның ішкі актісінің көшірмесін қоса бере отырып, коммерциялық , қызметтік және заңнамамен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын мәліметтердің толық тізбесін көрсетуге міндетті.

15. Уәкілетті орган өтініш түскеннен бастап 5 күннің ішінде, оның көшірмесін, сондай-ақ оған қоса берілген барлық құжаттардың көшірмелерін ұлттық қауіпсіздік органдарына береді.

16. Ұлттық қауіпсіздік органдары уәкілетті органнан құжаттарды алған күннен бастап 10 күннің ішінде болжалды мәміле туралы қорытынды шығаруға және оны уәкілетті органға жіберуге құқылы.

Акцияларды, үлестерді, пайларды сатып алуға келісу туралы түпкілікті шешімді, ұлттық қауіпсіздік органдарына қабылдаған шешім туралы міндетті түрде хабарлай отырып, уәкілетті орган қабылдайды.

4. Уәкілетті органның шешімдер қабылдау тәртібі

17. Акцияларды, үлестерді, пайларды сатып алу жөніндегі мәмілені келісу туралы шешімді осы Ереженің 11-тармағында белгіленген мерзімде уәкілетті орган қабылдайды.

18. Уәкілетті органның шешімі дәлелді болуы және Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделері мен қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының даму қажеттілігін объективті түрде ескеруі тиіс.

19. Уәкілетті орган, егер:

мүдделі тұлға барлық қажетті құжаттар мен ақпараттарды ұсынбаған;

ұсынылған құжаттар мен ақпараттар толық емес не дұрыс болмаған;

мәмілені жасау нәтижесінде мүдделі тұлғаның (адамдар тобының) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларын басқаруда Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қауіп тудыратын басым қатысуы туындаған;

акцияларды, үлестерді, пайларды сатып алу нәтижесінде мүдделі тұлғаның (адамдар тобының) меншігіндегі олардың жиынтық мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген рұқсат етілетін

мөлшерден асып кеткен жағдайларда қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының акцияларын, үлестерін, пайларын сатып алу келісімінен бас тартуға құқылы.

20. Мүдделі тұлға уәкілетті орган қабылдаған шешім туралы ол шығарылғаннан кейін 10 күннен кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабардар етіледі.

21. Өтінішті келісуден бас тарту туралы уәкілетті органның шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағымдалуы мүмкін.

5. Қорытынды ережелер

22. Уәкілетті органның лауазымды адамдары мен қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін атқаруы нәтижесінде белгілі болған мүдделі тұлғалардың коммерциялық, қызметтік және заңнамамен қорғалатын өзге де құпиясының сақталуы үшін жауаптылықта болады.

23. Уәкілетті орган мен ұлттық қауіпсіздік органдарының осы Ережеде көзделген мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау тәртібі заңнамамен айқындалады.

Жеке және заңды тұлғалардың
телекоммуникациялар саласындағы
қызметті жүзеге асыратын
ұйымдардағы акцияларды, үлестерді,
пайларды меншікке сатып алуын
келісу ережесіне қосымша

_____ сатып алуды

(мәміленің мәні)

келісу туралы өтініш

1. Акцияларды, үлестерді, пайларды сатып алу жөнінде
жасалатын мәміленің негіздемесі _____

2. Мүдделі тұлғаның үлестес адамдары туралы мәліметтер

3. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс
операторларының, байланыс операторларының, сондай-ақ байланыс
жолдары иелерінің жарғылық капиталындағы (мүлкіндегі) мүдделі
тұлғаға тиесілі акциялар, үлестер, пайлар туралы мәліметтер

4. Сатып алынатын акциялардың, үлестердің, пайлардың саны
(мөлшері) және бағасы туралы ақпарат

. Қосымша (өтінішке қоса берілетін құжаттар, шарт жобасы
және өзге де ақпараттар)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК